

"Мемлекеттік ресурстарға 2013 жылғы егіннің астығын сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 15 сәуірдегі № 349 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 26 желтоқсандағы № 1407 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Мемлекеттік ресурстарға 2013 жылғы егіннің астығын сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 15 сәуірдегі № 349 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 25, 399-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мемлекеттік ресурстарға 2013 жылғы егіннің астығын сатып алуды жүзеге асыруға арналған бюджет қаражатының сомасы 5281093000 (бес миллиард екі жүз сексен бір миллион тоқсан үш мың) теңге мөлшерінде белгіленсін.».

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
С. Ахметов*